

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ
Құрметті әріптестер!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 2016 жылдың 18 мамырында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының 60 жылдық мерейтойына орай «Қазақ руханияты: әдебиет, тарих және өнер» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- Әдебиет теориясының өзекті мәселелері
- Қазақ сөз өнеріндегі ұлттық болмыс пен таным
- Өлке әдебиеті және оның зерттелуі
- Өлке тарихының көркем әдебиеттегі көрінісі
- Көркем әдебиеттің тілі мен стилі
- Фольклористика және мәтінтану
- Қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын, өнерін оқытудағы инновациялық технологиялар
- Тарихтағы жеке тұлғалардың орны мен рөлі
- Сыр бойы мәдениеті мен өнері және ұлттық рухани құндылықтар
- Сыр өңіріндегі мерзімді басылымдар: бағыт-бағдары мен бет бейнесі

Конференция аясында 3 секция жұмыс істейді:

1. Әдебиеттану мен қазақ әдеби тілінің өзекті мәселелері.
2. Өлке тарихын жаңаша зерделеу мәселелері.
3. Ұлттық өнер мен мәдениеттегі дәстүр сабақтастығы.

Конференция қазақ, орыс тілдерінде өтеді.

Конференцияға қатысу үшін өтініш пен баяндама материалы 2016 жылдың 17 сәуіріне дейін қабылданады. Оны төмендегі электронды пошта арқылы жіберу қажет: gabenovna@inbox.ru, (файл автордың фамилиясымен аталуы тиіс). Біздің мекенжайымыз: 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 40, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің №1 ғимараты (204-бөлме). Байланыс телефондары: 8 (7242) 27-85-72 – қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы, 87016572116- Гүлмира Әбенова.

Конференция материалдарына қойылатын негізгі талаптар:

Материал толық 4-8 бет көлемінде (беті нөмірленбейді), ашық қалдырылатын жол жиегі барлық жағынан 20 мм, Word мәтіндік редакторда, әріптері – KZ Times New Roman немесе Times New Roman (шрифтімен), кегль – 14, форматы – А4, жол арасы бір интервалдан терілуі тиіс.

Мақаланың тақырыбы жол ортасына бас әріптермен, 1 интервалдан кейін автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, ғылыми дәрежесі, атағы, 1 интервалдан кейін республика, қала, мекеме атауы мен электронды пошта адресі, 2 интервалдан кейін абзац арқылы мәтін жалғасады. ЭОЖ (УДК) болуы шарт. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1, 33-б.], әдебиеттер тізімі пайдалану ретімен рәсімделеді.

Материалдар жинағы конференция жұмысы басталғанға дейін шығарылады.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды сұрыптау мәселесін өзі шешуге құқылы.

Мақала жинағы мен тарату шығындары үшін **3000** теңге көлемінде жарна төленеді. Төлемақыны арнайы есеп шотқа аудару керек: 4052 5890 0282 5132 АТФ Банк. Әбенова Гулмира Әбенқызы ЖСН 831206400130. «**Конференцияға қатысу үшін**» белгісі мен қатысушының аты-жөні толық жазылады. Төлем туралы түбіртеккі жоғарыда көрсетілген электронды мекенжайға жіберу керек.

Жарияланымға қатысты сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 87757178180 (филология ғылымдарының кандидаты Сарышова Күлдірсін Сейтжанқызы), 87773365758 (филология ғылымдарының кандидаты Баялиева Гүлмира Жарылқасынқызы).

Иссапар шығындары қатысушы тараптан. Қонақ үйге орналасу мәселесі бойынша 17 мамырдан қалдырмай хабарласу қажет.

Өтініш үлгісі

Қатысушының аты-жөні	Баяндама тақырыбы
Ғылыми дәрежесі, атағы	Секциясы
Жұмыс орны	Қатысым түрі (тікелей, сырттай)
Қызметі	Техникалық құралдар қажеттілігі (иә, жоқ)
Мекен-жайы	Түбіртек №
Телефоны (жұмыс, ұялы, факс, e-mail)	

Ұйымдастыру комитеті